

6) концессия объектісі - қазіргі бар мемлекеттік меншік объектілері және концессия шартының талаптарын орындау нәтижелері бойынша пайда болатын объектілер;

7) концессия жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы (бұдан әрі - конкурсты ұйымдастырушы) - концессионерді таңдау жөніндегі конкурстарды өткізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

8) мерзімді баспасөз - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен объектілерді концессияға беруге байланысты ақпаратты жариялауға арналған құқықтық тендерлік негізде алған мерзімді баспа басылымдар;

9) әлеуетті концессионер - концессия шартын жасасу мақсатында концессионер таңдау жөніндегі конкурсқа қатысушы заңды тұлға (мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда);

10) концессияны іске асыру жобасы - шектеулі уақыт кезеңінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие концессияны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

11) республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде республикалық меншік объектілерін басқару саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы - мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының концессия туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының концессия туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы концессияға байланысты қатынастар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Концессияның негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасында концессияның негізгі қағидаттары:
ашықтық қағидаты - орта мерзімді кезеңде сатуға ұсынылған концессия объектілерінің тізбесін, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, концессионерді таңдау жөніндегі конкурстарды өткізу және олардың нәтижелері туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау;

әділдік қағидаты - концедент пен концессионердің мүдделері мен тәуекелдерінің

теңгерімділігін қамтамасыз ету;

тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидаты - концессия шарты бойынша концессионер ұсынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

4-бап. Концессия қолданылатын салалар

1. Концессияға мынадай объектілер берілуі мүмкін:
 - 1) білім беру саласындағы объектілер;
 - 2) тұрғын үй-коммуналдық саладағы объектілер;
 - 3) көлік инфрақұрылымының объектілері;
 - 4) денсаулық сақтау саласындағы объектілер;
 - 5) электр энергетикасы саласындағы объектілер;
 - 6) туризм саласындағы объектілер.

2. Концессияға берілмейтін объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5-бап. Концессионерге жер учаскелеріне құқықтар беру

Концессия шартын іске асыру мақсатында концессионерге Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жерді пайдалану құқығы берілуі мүмкін.

6-бап. Концессия шартына байланысты келтірілген шығындарды өтеу

1. Концессионердің концессия шартын орындауға байланысты шығындары өндірілген өнімді өткізу және концессия объектісін пайдалану процесінде табыс алу ж о л ы м е н ө т е л у і м ү м к і н .

2. Конкурсты ұйымдастырушының концессияға беру және концессия шарттарының орындалуын бақылау жөніндегі конкурстар өткізуге байланысты шығындарын қаржыландыру бөлінген бюджет қаражаты шегінде жүргізіледі.

4. Кепілдіктер мен кепілдемелер бойынша мемлекет қабылдаған міндеттемелердің көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік кепілдіктер мен кепілдемелер беру лимитінен аспауы тиіс.

7-бап. Концессия объектілеріне меншік құқығы

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, концессияға берілген, осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілерде жүргізілген жақсартулар, сондай-ақ концессия шартының талаптарын орындау кезінде пайда болған мүлік мемлекеттік меншік болып табылады.

2. Шарт талаптарын орындау нәтижелері бойынша пайда болған концессия о б ь е к т і л е р і :

- 1) осы объектілерді концессионердің кейіннен пайдалануымен концессия объектісінің құрылысы аяқталғаннан кейін;
- 2) концессия объектісінің концессия шартында айқындалған пайдалану кезеңі

аяқталғаннан кейін мемлекетке беріледі.

3. Егер концессия шартында өзгеше көзделмесе, концессионер концессия объектілерін пайдалану нәтижесінде алған өнім мен кірістер оның меншігі болып табылады.

4. Концессия объектілері конcedesнттің алдын ала жазбаша келісімінсіз кепіл нысаны бола алмайды және иеліктен шығарылмайды.

2-тарау. Концессия саласындағы мемлекеттік реттеу

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі концессия саласында:

1) орта мерзімді кезеңге арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекітеді;

2) жасалған концессия шарттарының және берілген мемлекеттің кепілдемелері мен кепілдіктерінің тізілімін жүргізу ережесін бекітеді;

3) объектілерді концессияға беру жөніндегі конкурсты өткізу ережесін бекітеді;

4) концессия объектілері бойынша ұсыныстар беру, қарау және оларды іріктеу ережесін бекітеді;

5) экономиканың түрлі салаларындағы (аясындағы) үлгі концессия шарттарын бекітеді;

6) концессияны іске асыру жобаларына арналған өлшемді бекітеді;

7) Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссияны құрады және ол туралы ережені бекітеді.

9-бап. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның өкілеттіктері

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган элеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарларын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды ескере отырып, Тізбені қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

10-бап. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өкілеттіктері

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган концессия шарттары бойынша кепілдеме мен кепілдіктер шарттарын жасайды, сондай-ақ концессия шарттары бойынша мемлекеттің берілген кепілдіктері мен кепілдемелерінің тізілімін жүргізеді.

11-бап. Республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттіктері

Республикалық мүлікке иелік ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген, тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары оларды Тізбеге қосу үшін ұсынатын концессия объектілері жөніндегі ұсыныстарды келіседі;

2) республикалық меншікке жататын концессия объектілері жөнінде жасалған

концессия шарттарының тізілімін жүргізеді;

3) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген концессия объектілеріне қатысты жобалар бойынша конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады;

4) Комиссияның шешімі негізінде республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген концессия объектілері жөніндегі концессия шартын жасасады;

5) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген концессия объектілері жөніндегі концессия шарттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

12-бап. Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының өкілеттіктері

Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы:

1) жеке бастама тәртібінде жеке және заңды тұлғалар енгізген ұсыныстарды ескере отырып, республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген концессия объектілері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

2) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген концессия объектілеріне қатысты жобалар бойынша конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады;

3) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген концессия объектілері жөніндегі концессия шартын Комиссияның шешімінің негізінде жасасады;

4) республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген концессия объектілері жөніндегі концессия шарттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жасалған концессия шарттары жөнінде ақпарат береді.

13-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өкілеттіктері

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) жеке және заңды тұлғалар жеке бастама ретінде енгізген ұсыныстарды ескере отырып, Тізбеге енгізу үшін коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері жөнінде ұсыныстар қалыптастырады;

2) концессия шартын жасасу кезінде тиісті өңір тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерін сақтауға байланысты мәселелерді шешу үшін концессионермен келіссөздер жүргізеді;

3) коммуналдық меншікке жататын объектілер бойынша жасалған концессия шарттарының тізілімін жүргізеді;

- 4) Коммуналдық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссия туралы ережені жасайды және бекітеді;
- 5) коммуналдық меншікке жататын және Тізбеде көзделген концессия объектілеріне қатысты жобалар бойынша конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады;
- 6) Комиссия шешімінің негізінде коммуналдық меншікке жататын және Тізбеде көзделген концессия объектілері жөнінде концессия шартын жасасады;
- 7) коммуналдық меншікке жататын және Тізбеде көзделген концессия объектілері жөніндегі концессия шарттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

14-бап. Концессионерлер құқықтарының кепілдіктері және концессионерлердің қызметін мемлекеттік қолдау

1. Концессионердің жағдайын нашарлататын заңнаманың өзгерістері мен толықтырулары осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған концессия шарттарына қолданылмайды.

2. Концессионерлердің қызметін қолдау мақсатында мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері берілуі мүмкін:

1) концессия шарттары шеңберіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекеттің кепілдемелері;

2) концессиялық жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер;

3) концессия объектісін пайдалануға байланысты ерекше құқықтар беру;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заттай гранттар беру.

Концессионерге мемлекеттік қолдаудың жоғарыда аталған түрлерінің біреуі не бірнешеуі ұсынылуы мүмкін.

Концессионердің қызметін мемлекеттік қолдаудың осы баптың 1-тармағында көзделген бір не бірнеше түрін ұсынған кезде мұндай қолдаудың жиынтық құны концессияны іске асыру жобасының өз құнынан аспауға тиіс.

3-тарау. Объектілерді концессияға беру

15-бап. Концессияға беру тәртібі

Объектілерді концессияға беру үш кезеңде жүзеге асырылады:

концессияға беруге ұсынылатын объектілердің орта мерзімді кезеңге арналған тізбесін қалыптастыру;

концессионерді таңдау жөнінде конкурс өткізу;
концессионерді айқындау және концессия шартын жасасу.

16-бап. Концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін қалыптастыру

1. Концессияға беруге ұсынылатын объектілердің орта мерзімді кезеңге арналған тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тізбе мерзімді баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

2. Тізбе екі бөлімнен тұрады:

1) қазір бар мемлекеттік меншік объектілері;

2) салынуы және пайдаланылуы концессия шарттарының негізінде жүзеге асырылатын объектілер.

3. Тізбені концессияға берілуі мүмкін объектілер жөніндегі ұсыныстар (бұдан әрі - ұсыныстар) негізінде республикалық бюджеттің тиісті қаржы жылына арналған кепілдіктер мен кепілдемелер беру жөніндегі мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу шеңберінде экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган берілген ұсыныстарға бағалау жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады.

4. Ұсыныстарды жеке немесе заңды тұлғалар жеке бастама ретінде енгізген ұсыныстарды ескере отырып, тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы және жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады.

Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы республикалық меншіктегі концессия объектілері жөніндегі ұсыныстарды республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге тиіс.

5. Ұсыныстарды беру, қарау және іріктеу ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

17-бап. Концессионерді таңдау жөнінде конкурс өткізу

1. Тізбеге енгізілген объектілер бойынша концессионерді таңдау концессияны іске асыру жобалары бойынша ашық конкурс өткізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген концессия объектілеріне қатысты концессияны іске асыру жобалары жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген концессия объектілеріне қатысты іске асыру жобалары жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

Тиісті жергілікті атқарушы орган коммуналдық меншікке жататын және Тізбеде көзделген концессия объектілеріне қатысты іске асыру жобалары жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

3. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін әлеуетті концессионер конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына жабық конвертпен конкурстық өтінімді табыс етеді.

Конкурстық өтінімді әлеуетті концессионер конкурстық құжаттамаға сәйкес қалыптастырады және ол концессияны іске асыру жобасынан, әлеуетті

концессионерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардан және өзге құжаттардан тұрады.

Әлеуетті концессионер өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге, сондай-ақ осы Заңның 18-бабының 5-тармағына, 20-бабының 3-тармағына сәйкес конкурсты ұйымдастырушы өткізетін кездесуге және келіссөздерге өзінің қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Конкурсты ұйымдастырушыға конкурстың нәтижелеріне қарамастан осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер жүктелмейді.

Әлеуетті концессионерлердің конкурстық өтінімдер беру мерзімдерін конкурсты ұйымдастырушы белгілейді.

4. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, концессионерді таңдау жөнінде өткізуге дайындалып жатқан конкурстар туралы мәліметтерді конкурсты ұйымдастырушы мерзімді баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;
- 2) концессия объектісі туралы ақпарат;
- 3) конкурстық құжаттаманы алатын орын және оның тәсілдері, сондай-ақ оған ақы төлеу үшін деректемелер;
- 4) конкурстық өтінімдер берудің орны және түпкілікті мерзімі;
- 5) конкурсты ұйымдастырушы айқындайтын басқа да қажетті ақпарат.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурстық өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін жүз күнтізбелік күннен кешіктірілмей мерзімді баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

5. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар құратын Концессиялар жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады.

Комиссияның жұмыс органы конкурсты тиісті ұйымдастырушы болып табылады.

6. Е г е р :

1) конкурстық өтінім берген әлеуетті концессионер біліктілік талаптарына сәйкес емес ;

2) конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермесе, Комиссия конкурстық өтінімді кері қайтаруға құқылы.

7. Егер белгіленген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдер келіп түспесе не конкурсқа қатысуға бір өтінім берілсе, онда концессияның осы объектісі бойынша үшінші және кейінгі конкурстарды қоспағанда, конкурс өтпеді деп саналады.

Қайтадан конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурстық өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей мерзімді баспасөзде

8. Конкурс өткізудің ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

18-бап. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

1. Конкурсты ұйымдастырушы барлық әлеуетті концессионерлерге мынадай ақпаратты қамтитын конкурстық құжаттаманы табыс етуге тиіс:

1) өздерінің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті концессионерлер беруге тиіс құжаттарға қойылатын талаптар;

2) техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса алғанда, ал қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіле отырып, концессияға беруге ұсынылып отырған объектіні сипаттау және оның жалпы техникалық және сапалық сипаттамалары;

3) концессияға беруге ұсынылып отырған объекті орналасқан жер;

4) бір үлгі концессия шарты;

5) жеңіп шыққан концессияны іске асыру жобасын анықтауға негіз болатын барлық өлшемдерді сипаттау, оның ішінде мұндай әрбір өлшемнің салыстырмалы мәні, концессияны іске асыру жобаларын бағалау және салыстыру тәсілін сипаттау;

6) концессияны іске асыру жобасының бағасы көрсетілуге тиіс валюта немесе валюталар және концессияны іске асыру жобасының бағаларын салыстыру және бағалау мақсатында оларды бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

7) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес конкурстық өтінімдерді, оның ішінде концессияны іске асыру жобалары мен концессия шартын жасау және табыс ету тіліне қойылатын талаптар;

8) әлеуетті концессионердің конкурстық өтінім берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті нұсқама;

9) конкурстық өтінімдер берудің тәсілі, орны және түпкілікті мерзімі (бірақ жергілікті уақыт бойынша жұмыс күнінің он бес сағатынан кешіктірмей) және олардың қолданылу мерзімі;

10) әлеуетті концессионердің тікелей конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу сәтінде концессияны іске асыру жобасының бағасы көрсетілетін конкурстық өтінімнің бір бөлігін ұсыну құқығына тиісті нұсқау, онда;

11) конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша әлеуетті концессионерлер солардың көмегімен түсіндірме сұрата алатын тәсілдері және конкурсты ұйымдастырушының осы кезеңде әлеуетті концессионерлермен ашық нысанда өткізілетін және хаттамаланатын кездесу өткізу ниеті туралы хабарлама;

12) конкурстық өтінімді енгізу шарттары және мазмұны;

13) конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын орын, күн және уақыт (бірақ конкурстық өтінімдерді табыс етудің түпкілікті мерзімі анықталған сәттен бастап екі сағаттан кеш емес);

14) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу және оларды қарау үшін п а й д а л а н ы л а т ы н р ә с і м д е р .

2. Конкурсты ұйымдастырушы табыс етілген конкурстық құжаттама үшін конкурстық құжаттаманы көшірмесін жасауға нақты жұмсалған шығындардан а с п а й т ы н а қ ы а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Әлеуетті концессионер конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұраумен, бірақ конкурстық өтінімдерді табыс етудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүгінуге құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау тіркелген сәттен бастап үш күн мерзімде оған жауап қайтаруға және сұраудың кімнен түскенін көрсетпей, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық әлеуетті концессионерлерге осындай түсіндірмені х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

4. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді табыс етудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе әлеуетті концессионердің сауалына жауап ретінде хаттама ресімдеу жолымен конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы берген барлық әлеуетті концессионерлерге олар туралы дереу хабарланады. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті концессионерлердің осы өзгерістерді конкурстық өтінімдерде есепке алуы үшін конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде отыз күнтізбелік күн мерзімге ұзартады.

5. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және тиісті уақытта әлеуетті концессионерлермен кездесу өткізуге құқылы. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы оның көздерін көрсетпей, осы кездесу барысында табыс етілген конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сауалдарды, сондай-ақ осы сауалдарға жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама дереу Комиссияға және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы табыс еткен барлық әлеуетті концессионерлерге жіберіледі.

6. Конкурстық құжаттаманы конкурсты ұйымдастырушы бекітеді.

19-бап. Әлеуетті концессионерге қойылатын біліктілік талаптары

1. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін әлеуетті концессионер мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

1) концессия шарты бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық және материалдық ресурстарының болуы;

2) төлемге қабілетті болуы, таратылмайтын болуы, оның мүлкіне тыйым салынбаған болуы тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмаған болуы;

3) заңды кушіне енген сот шешімі негізінде концессия шарттары бойынша соңғы екі жылда жасасқан міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмаған болуы.

2. Әлеуетті концессионер өзінің осы баптың 1-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растау үшін конкурсты ұйымдастырушыға тиісті құжаттарды табыс етеді.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде міндетті аудит өткізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де табыс етеді.

3. Біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда әлеуетті концессионер осындай факт белгіленген кезден бастап үш жыл ішінде концессионерді таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Табыс етілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы Комиссияның әлеуетті концессионердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қарауы кезінде белгіленеді.

4. Конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге осы Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге құқығы жоқ. Әлеуетті Жеткізуші өзіне қойылатын біліктілік талаптарына қатысы жоқ ақпаратты табыс етпеуге құқылы.

20-бап. Концессионерді айқындау және концессия шартын жасасу

1. Комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашады.

Конкурсты ұйымдастырушы тиісті конкурстық өтінімде қамтылған ұсынылған концессияны іске асыру жобаларына бағалау және сараптау жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады.

2. Комиссия әлеуетті концессионерлер ұсынған барлық конкурстық өтінімдерді қарайды.

Егер конкурс үшінші рет өткізілсе және конкурсқа қатысуға бір ғана конкурстық өтінім берілсе, Комиссия осы өтінімде ұсынылған концессияны іске асыру жобасын оны іске асыру мүмкіндігі тұрғысынан қарайды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жобаларға қойылатын өлшемдер негізінде концессияны іске асыру жобасы үздік деп танылған әлеуетті концессионермен Комиссия концессия шартының жобасын және талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізеді.

4. Келіссөздерді дайындау шеңберінде концессияны іске асыру жобасы мен концессия шарты бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда өтінім берушіге жіберуі тиіс.

Келіссөздер жүргізудің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы Комиссияның тиісті шешімдері қабылданады.

Келіссөздер барысында конкурстың шарттарына, сондай-ақ концессияны іске асыру

жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамасына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

5. Егер концессияны іске асыру жобасы үздік деп танылған әлеуетті концессионер Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес концессия шартының жобасы мен талаптарын талқылау мен нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары конкурс шарттарының тұрғысынан қолайсыз болып табылса, онда бұл жобаны Комиссия қарамайды және ұсынылған конкурстық өтінімдердің ішінен концессияны іске асырудың үздік жобасы қайтадан тыңдалады.

6. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары бойынша Комиссияның шешімімен концессия шартының жобасы мен реакциясы бекітіледі, ал жобаға өтінім беруші конкурстың жеңімпазы болып танылады. Комиссия шешімі хаттама түрінде ресімделеді.

7. Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімі негізінде конкурс жеңімпазымен концессия шартын жасасады.

8. Концессия шартын жасасудың мерзімі конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

9. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, концессионерді таңдау жөніндегі конкурстардың нәтижелері туралы мәліметтерді ұйымдастырушы мерзімді баспасөзде мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

4-тарау. Концессия шарты

21-бап. Концессия шартының мазмұны

1. Концессия шарты :

1) концессия объектісі (концессияға берілетін мемлекеттік меншіктің объектісінің құрамы мен құны) немесе концессионер құруға (салуға) тиісті объект туралы мәліметтерді ;

2) концессионердің концессия объектісіне құқықтары және (немесе) белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құқықтары туралы шарттарды;

3) концессионердің қажетті қызметтер саны мен сапасын ұсыну мақсатында объектіні қажетті жақсарту жүргізудің шарттары мен көлемін;

4) концессионердің шығындарын өтеу тәртібін;

5) белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға мүмкіндік беру шарттары мен тәртібін;

6) инвестициялардың, оның ішінде негізгі қорларға инвестициялардың мөлшері туралы шартты, әзірленген бизнес-жоспарға (жұмыс бағдарламасына) сәйкес жобаны қаржыландыру мерзімі мен шарттарын;

7) қызмет түрлерін (шарт талаптары бойынша ұсынылатын жұмыстарды, қызметтерді) ;

8) концессия шарты бойынша концессионер ұсынатын жұмыстардың, тауарлардың және қызметтердің сапа стандарттарын;

- 9) шарттың қолданылу мерзімін;
- 10) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 11) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды;
- 12) концессия объектісін, сондай-ақ концессия шартын орындауға байланысты берілген жер учаскелерін мемлекетке беру тәртібі мен шарттарын;
- 13) тараптардың жауапкершілігін;
- 14) шартты өзгерту және тоқтату талаптарын;
- 15) тараптардың орналасқан жерін және банктік деректемелерін;
- 16) концеденттің концессия шарттарын орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтуы тиіс.

2. Концессия шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

3. Шартқа өзгерістер тараптардың келісімі бойынша енгізілетін жағдайларды қоспағанда, шарт талаптары концессия шартының барлық қолданылу мерзіміне күшін сақтайды.

4. Концессия шарты концеденттің бір жақты тәртіппен шарттың талаптарын өзгерту немесе қоғам мен мемлекет мүддесі үшін шартты бұзу талабын көздеуі мүмкін, бұл ретте шарт, оның ішінде мұндай әрекеттер ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адамгершілікті қамтамасыз ету мақсатында жасалса, мұндай жағдайлардың толық тізбесін қамтуы тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген құқықты концедент іске асырған жағдайда, концедент концессия шарты талаптарының өзгеруіне байланысты қосымша шығындарды концессионерге өтеуге, сондай-ақ концессия шартының бұзылуына байланысты концессионер шеккен залалдардың орнын толтыруға міндетті.

22-бап. Концессия шартының мерзімі және оның қолданылуын тоқтату

1. Концессия шарты кемінде үш жыл және отыз жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

Концессия шарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің не жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша отыз жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Концессия шартын жаңа мерзімге ұзарту кезінде оның талаптары тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2. Концессия шарты мынадай негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

1) концессия шартының қолданылу мерзімінің өтуі;

2) концессионерді тарату;

3) тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзу;

4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және концессия шартында көзделген өзге де жағдайларда.

5-тарау. Концессия шарты тараптарының негізгі құқықтары мен міндеттері

23-бап. Концеденттің құқықтары мен міндеттері

1. К о н ц е д е н т :

- 1) концессионермен концессия шартының талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;
- 2) концессионердің кінәсінен концессия объектісінің жай-күйі нашарлаған жағдайда концессионерден залалдарды өтеуді талап етуге;
- 3) тәуелсіз аудиторлық ұйымды тарту арқылы концессионердің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асыруға;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының, концессия шарты талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге ;
- 5) концессионер концессия шартының талаптарын бұзған жағдайда оны бұзуды талап етуге ;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы .

2. К о н ц е д е н т :

- 1) концессия шартында көзделген талаптарда және мерзімдерде концессионерге концессия объектісіне құқықтарды беруге;
- 2) концессия шарттарының жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге;
- 3) концессия шартында көзделген және концессионердің концессия объектісіне құқықтарын растайтын құжаттарды уақтылы беруге;
- 4) жасалған концессия шарттары тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органға жыл сайын есептік ақпарат беруге;
- 5) концессия шартында көзделген талаптарды сақтауға;
- 6) жақсартылатын концессия объектілерін үшінші адамдардың құқықтарынан бос күйінде беруге ;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

24-бап. Концессионердің құқықтары мен міндеттері

1. К о н ц е с с и о н е р :

- 1) концессия шартында көзделген талаптарда концессия объектісіне қатысты құқықтарды жүзеге асыруға ;
- 2) инвестициялық заңнамаға сәйкес ұсынылатын инвестициялық преференциялар субъектісі болуға ;
- 3) концессия шартын орындауға байланысты шеккен шығындардың өтемін алуға;
- 4) концедент концессия талаптарын бұзған жағдайда оны бұзуды және міндеттемелерді бұзудан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге

а с ы р у ғ а

қ ұ қ ы л ы .

2 . К о н ц е с с и о н е р :

1) концессияның қолданыстағы объектілерінің (кәсіпорындарының) бейінін
с а қ т а у ғ а ;

2) шартта көзделген жұмыстарды жүргізуге (қызметтер көрсетуге);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен концессия
объектісінің мүліктік кешеніне кіретін әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруға;

4) Қазақстан Республикасының еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы
з а ң н а м а с ы н с а қ т а у ғ а ;

5) концессия шарты жасалған мерзім аяқталғаннан кейін концессия объектісін
шарттың талаптарына сәйкес тиісті техникалық және үшінші адамның құқықтарынан
б о с к ү й д е к о н ц е д е н т к е б е р у г е ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды
сақтауға міндетті.

6-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

25-бап. Дауларды шешу

1. Мемлекеттік меншік объектілерін концессияға беруге байланысты даулар
Қазақстан Республикасының заңнамасында және концессия шартында белгіленген
т ә р т і п п е н ш е ш і л е д і .

Концессия шартын орындауға және тоқтатуға байланысты даулар Қазақстан
Республикасы заңнамасының талаптарына және концессия шартында келісілген
дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер арқылы шешіледі.

2. Егер келісім-шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар осы баптың 1
-тармағына сәйкес шешілмесе, онда тараптар Қазақстан Республикасы заңнамаларының
талаптарына сәйкес сот тәртібімен, оның ішінде халықаралық коммерциялық төрелік
ету туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес халықаралық
төрелік етуге өтініш беру арқылы дауды шешуге құқылы.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған концессия шарттары осы
шарттарда белгіленген мерзім өткенге дейін өзінің қолданылуын сақтайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті